

Лексикалық тақырып: Қайырымдылық – адамгершілік белгісі.

Грамматикалық тақырып: Құрмалас сөйлемдердегі жалғаулықтардың мағыналық топтары.

Екі немесе одан да көп жай сөйлемдерден құралып, күрделі ойды білдіретін сөйлемдер құрмалас сөйлем деп аталады.

Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің мағыналық жағынан өзгешеліктері төменде берілген.

ЖАЙ СӨЙЛЕМ

1. Жай сөйлем жеке бір ойды білдіреді.
2. Жай сөйлем бір-бірінен айырым интонациямен айтылады.
3. Жай сөйлем интонациялық жағынан тиянақты болады.
4. Жай сөйлем аяқталған ойды білдіріп, бір бүтін болып саналады.

ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

- Құрмалас сөйлем күрделі ойды білдіреді.
- Құрмалас сөйлемнің бірінші сыңары екіншісімен ұласпалы интонациямен айтылады.
- Құрмалас сөйлемнің сыңарлары интонациялық жағынан тиянақсыз болады.
- Құрмалас сөйлемнің алғашқы сыңары аяқталған ойды білдіре алмайды, бүтіннің бір бөлшегі болып саналады.

Құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен салаласа және сабақтаса байланысады. Мысалы, *Қорқып тұрған атты алқымынан алды да, омбы қардан шығармай жығып алды.* Бұл – салаласа байланысқан құрмалас сөйлем. Алғашқы сөйлем мен екінші сөйлемнің баяндауыштары тиянақты болып, екеуі тең дәрежеде байланысып тұр. *Желге тұмсығын төсеп, белгілі иіс күтті.* Бұл – сабақтаса байланысқан құрмалас сөйлем. Алғашқы сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз болып, екіншісіне бағына байланысып тұр. Бірінші жай сөйлемді екіншісінен бөліп, өз алдына жеке айтуға келмейді.

Құрамындағы жай сөйлемдердің салаласа, сабақтаса байланысуына орай құрмалас сөйлемдер: салалас құрмалас, сабақтас құрмалас және аралас құрмалас болып үш түрге бөлінеді.

Түрлері	Құрамы	Белгісі	Мысалдары
Салалас құрмалас сөйлем	Кемінде екі жай сөйлемнен құралады	Өзара тең дәрежеде байланысады, баяндауыштары тиянақты болады.	Әлден уақытта екі атты кісі келді де, мені ағаштан шешіп алды.
Сабақтас құрмалас сөйлем	Кемінде екі жай сөйлемнен құралады.	Бірі екіншісіне бағынады, бірінші сөйлемнің баяндауыштары тиянақсыз болады.	Жігіттер жабылып болмаған соң, әнші сандыққа отырды.
Аралас құрмалас сөйлем	Кемінде үш жай сөйлемнен құралады.	Өзара салаласып та, сабақтасып та байланысады.	Қыздың маңдайынан сипады да, толқындай қара шашынан бір сүйіп, өз жөнімен кете берді

Салалас құрмалас сөйлемнің түрлері, жалғаулық шылаулары мен тыныс белгісінің кестесі

№	Түрлері	Жалғаулықтары	Тыныс белгісі
1	Ыңғайлас салалас	<i>Және, да, де, та, те, әрі.</i>	Үтір
2	Қарсылықты салалас	<i>Бірақ, сонда да, дегенмен, алайда, әйтсе де, сөйтсе де.</i>	Үтір, үтір мен сызықша
3	Түсіндірмелі салалас	Жалғаулығы жоқ. <i>Сонша, сондай, сол, соншалық, мынау, мынадай</i> сілтеу есімдіктері арқылы байланысады.	Қос нүкте, сызықша
4	Себеп-салдар салалас	<i>Өйткені, сондықтан, себебі, сол үшін, сол себепті, неге десеңіз, т.б.</i>	Үтір, қос нүкте немесе сызықша
5	Талғаулы салалас	<i>Не, немесе, я, яки, болмаса, әйтпесе, не болмаса, әлде, я болмаса</i>	Үтір
6	Кезектес салалас	<i>Кейде, бірде, біресе.</i>	Үтір

1-тапсырма. Жалғаулықтарды келтіре отырып құрмалас сөйлемдер құрастырыңыз (себебі, сондықтан, бірақ, және, да/де/та/те, мен/бен/пен, немесе, яки, әрі, әйтпесе, дегенмен, алайда).

2-тапсырма. Төмендегі сөз тіркестерімен құрмалас сөйлемдер құрастырыңыз.

Былтырдан бері, жыл бойына, университетке дейін, жұмыс барысында, айтуы бойынша, оқу туралы.

10-сабақ аяқталды.